

«Келісемін»
Директордың тәрбие жұмыс
жөніндегі орынбасары
 К.А.Ергалиева

«Бекітемін»
М.51 гимназия директоры:
 И.И.Бексултанова
«25» тамыз 2025ж



**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында 2025-2026 оқу жылына арналған
9 «А» сыныбының жылдық тәрбие жоспары**

Сынып жетекшісі: Мукашева Ш.С

Ақтобе 2025ж.

ТҮСІНІК ХАТ

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында елімізді дамытуға қатысты маңызды бастамалар көтерді. Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген ұштаған ұғым арқылы сипаттады. Ұштаған – бір-бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар, ел ішінде заң мен тәртіпті қатаң сақтауды қамтамасыз етуді саясатымыздың тұғырлы қағидатына айналдыратын мықты демократиялық институттары мен дамыған құқықтық жүйесі бар әділетті мемлекетті құрудың шарты және еліміздің жаңғыруы мен әрі қарай дамуының стратегиялық бағдарын айқындайды. 2025 жылы мемлекет басшысының 14 наурызда өткен Ұлттық құрылтайдың IV отырысында аталған идеялар мен құндылықтар «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының негізіне айналады. Бағдарлама құндылыққа бағдарланған және құзыреттілік тәсілдері негізінде білім алушы тұлғасын қалыптастыруға ықпал ететін негізгі мақсат пен міндеттерді айқындайды.

Бағдарламаның мақсаты:

Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

- *отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
- *Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;
- *адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;
- *табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:

- *елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;
- *отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
- *өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;
- *әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:

- *басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;
- *өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;
- *еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
- *біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:

- *әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдерін қамтамасыз ету;
- *білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру;
- *ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;
- *отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

Бағдарлама мазмұны:

- Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі ұйымдастырылады. Бұл міндетті іске асыру білім беру мазмұны, сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады.

- Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:

- Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
- Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
- Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;
- Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;
- Қаңтар – заң және тәртіп айы;
- Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;
- Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
- Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
- Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

Құндылықтарды қалыптастырудағы жүйелі және кешенді жұмыс оқу-тәрбие процесінде күн сайын және апта сайын іске асырылатын іс-шараларды қамтиды:

- күнделікті:

- «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.

- «Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.

- «Үнемді тұтыну» – жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар арқылы суды, тамақты, энергияны және табиғи ресурстарды үнемді тұтынуды және іс-әрекет барысында табиғи ресурстарға (су, энергия және т.б.) ұқыпты қарауды қалыптастыру.

- «Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде арнайы күй тындату.

- апта сайын:

- «Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды.

- Аптаның дәйексөздері – бүкіл ұйымның сабақта және сабақтан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, халық даналығы, ұлы тұлғалардың ұлағатты сөздері.

- «Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру, әңгіме өткізу.

- Апта сайын сынып сағаттарын өткізу шеңберінде білім алушылардың қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін және салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша жүйелі жұмыс іске асырылады. Сынып сағаттарының мазмұнына келесі алдын алу шаралары біріктіріледі:

- Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам;
- Буллингтен қорған!
- Ойынға салауатты көзқарас;
- Өмірге салауатты қадам;
- Қоғамдық мүлікті қорға!
- Қауіпсіз қоғам.

Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар:

1. «Қамқор» жобасы
2. «Шабыт» жобасы
3. «Енбегі адал-жас өрен» жобасы
4. «Ұшқыр ой алаңы» жобасы
5. «Балалар кітапханасы» жобасы
6. «SMART BALA» жобасы

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым түлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі.

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

1 қыркүйек – «Білім күні»

5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні

Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні

Қыркүйектің үшінші жексенбісі – Аналар күні

Қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс-шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
I тоқсан				
I АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Оқусыз – білім жоқ, білімсіз – күнің жоқ»				
1	1 қыркүйек -Білім күні. «Мектебім – мейірім мекені!» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 1-САБАҚ: 9- сыныптар: «Жедел жәрдем нөмірлері және сенім телефондары»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	4.09.25ж.
2-апта дәйексөзі: Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!				
2	<u>Отбасы — бақыт мекені</u> <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 2-САБАҚ: 9- сыныптар: «Қауіпті хобби және серуендеу орындары»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	11.09.25ж.
III АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Еңбекқорлық – адамның ең жақсы қасиеті» (Абай)				
3	<u>«ДОСБОЛЛИКЕ»</u> «Буллингтен қорған! » <u>«Позитивті ойлау-өміршендіктің көзі»</u> <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 3-САБАҚ: 9- сыныптар: «Жанжалдың нәтижесі үшін жауапкершілік»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	18.09.25ж.
IV АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Күшіңе сенбе, адал ісіңе сен!»				
4	«Болашақ мамам иесі – бүгінгі оқушы» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 4-САБАҚ 9- сыныптар: «Ата -аналарға деген сенім өмірде маңызды шешімдер қабылдауға қалай әсер	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	25.09.25ж.

	етеді»			
Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық 1 қазан – Халықаралық карттар күні 5 қазан – Мұғалімдер күні 24 қазан – Кітапханашылар күні 25 қазан – Республика күні				
I АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Тәуелсіздік-ұлтымыздың мәңгілік ұраны»				
5	Карттың сөзі – ақылдың көзі <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 5-САБАҚ <i>9- сыныптар:</i> «Егер сіз желіде қорқытуға тап болсаңыз»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	2.09.25ж..
II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас»				
6	«Ұстаз – ұлы тұлға» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 6-САБАҚ <i>9- сыныптар:</i> «Желідегі фейктер үшін жауапкершілік»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	9.10.25ж.
III АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Отансыз адам – ормансыз бұлбұл» (Ы.Алтынсарин)				
7	«Ойынға салауатты көзқарас» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 7-САБАҚ <i>9- сыныптар:</i> «Зиян келтіруі мүмкін ұсыныстарды нақты және батыл түрде қабылдамауды қалай үйренуге болады»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	16.10.25ж.
IV АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Отанды сүю – отбасынан басталады»				
8	Ұлттық мереке 25 қазан – «Республика күні» «Тарихы сырлы, ертегі нұрлы ғажай ел!» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 8-САБАҚ <i>9- сыныптар:</i> «Күмәнді жағдайларда азғыруды қалай жеңуге және дұрыс тандау жасауға болады»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	23.10.25ж.
II тоқсан				
Қараша – әділдік және жауапкершілік айы 15 қараша – «Ұлттық валюта» теңге күні 16 қараша – Халықаралық толеранттылық күні				

I АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Әділ болу – адамгершіліктің ең биік шыңы»				
9	«Адал азамат» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 9-САБАҚ 9- сыныптар: «Жасөспірім және еңбек қатынастары»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	6.11.25ж.
II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Жауапкершілік адамды адам етеді»				
10	15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні <u>Ұлттық теңге - Тәуелсіздігіміздің нышаны»</u> Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 10-САБАҚ 9- сыныптар: «Кәметке толмаған бала заңды жауапкершілікке тартылуы мүмкін бе?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	13.11.25ж.
III АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Әділет – мемлекеттің негізгі күші» (Әл-Фараби)				
11	<u>«ДОСБОЛЫКЕ»</u> «Бұлпінген қорған!» <u>«Қоршаған орта және өміршендікті дамыту»</u> Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 11-САБАҚ 9- сыныптар: «Жедел жәрдем нөмірлері және сенім телефондары»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	20.11.25ж.
IV АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Жауапкершілік – табыстың кілті»				
12	«Жасөспірім және заң: құқықты біл, жауапты бол!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 12-САБАҚ 9- сыныптар: «Қауіпті хобби және серуендеу орындары»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	27.11.25ж.
Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы 5 желтоқсан – Дүниежүзілік Еріктілер күні 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні				
I АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Татулық пен бірлік – елдің іргетасы»				
13	5 желтоқсан – Дүниежүзілік Еріктілер күні «Ерікті болу – ерлікпен тең» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 13-САБАҚ 9- сыныптар: «Жанжалдың нәтижесі үшін жауапкершілік»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	4.11.25ж.

II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Бірлігі жоқ ел тозады, бірлігі күшті ел озады»				
14	«Халық қаһарманы, жазушы Бауыржан Момышұлының туғанына 115 жыл (24.12.1910–10.06.1982).» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 14-САБАҚ 9- сыныптар: «Ата -аналарға деген сенім өмірде маңызды шешімдер қабылдауға қалай әсер етеді»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	11.12.25ж.
III АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Бірлік болмай тірлік болмас»				
15	« <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 15-САБАҚ 9- сыныптар: «Егер сіз желіде қорқытуға тап болсаңыз»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	18.12.25ж.
IV АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Ынтымақ – бұзылмайтын қорған»				
16	«Таңғажайып жана жыл» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 16- САБАҚ 9- сыныптар: «Желідегі фейктер үшін жауапкершілік»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	25.12.25ж.
III тоқсан				
Қаңтар – заң және тәртіп айы 1 қаңтар – Жана жыл				
I АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Талап бар жерде тәртіп бар»				
II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Тәртіп — тәрбие бастауы, тәртіпсіздік – өміршінің қас жауы»				
17	«Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ!» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 17-САБАҚ 9- сыныптар: «Зиян келтіруі мүмкін ұсыныстарды нақты және батыл түрде қабылдауды қалай үйренуге болады»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	8.01.26ж.
III АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Әділ заң– болашақ кепілі»				
18	«ДОСБОЛЛИКЕ» «Буллингтен қорған!» «Өміршендік шығармашылықта туады» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 18- САБАҚ	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	15.01.26ж.

	9- сыныптар: «Күмәнді жағдайларда азғыруды қалай жеңуге және дұрыс таңдау жасауға болады»			
IV АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген күл болмайды»				
19	Адал ұрпақ – жарқын болашақ Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 19- САБАҚ 9- сыныптар: «Жасөспірім және еңбек қатынастары»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	22.01.26ж.
Ақпан – жасампаздық және жанашылдық 14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні Ақпанның бірінші сейсенбісі – Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні				
АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Келешек – білімді жастың қолында» (Ахмет Байтұрсынұлы)				
20	«4 ақпан - Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні» «Цифрлық әлемде қауіпсіз кадам» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 20-САБАҚ 9- сыныптар: «Кәметке толмаған бала заңды жауапкершілікке тартылуы мүмкін бе?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	29.01.26ж.
II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Жаңалық – жасампаз ойдан басталады»				
21	«Лудомания» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 21-САБАҚ 9- сыныптар: «Жедел жәрдем нөмірлері және сенім телефондары»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	5.02.26ж.
III АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Жанашылдыққа ұмтылған ел ғана дамиды» (Шоқан Уәлиханов)				
22	Қауіпсіз қоғам. Құқықтық тәртіп және әлеуметтік жауапкершілік Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 22-САБАҚ 9- сыныптар: «Қауіпті хобби және серуендеу орындары»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	12.02.26ж.
IV АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Бірлік пен жасампаздық – ел бағдары»				
23	Қазақ поэзиясының алыбы, ақын, ұлы жыршы Жамбыл Жабаевтың туғанына 180 жыл (1846–1945)» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	19.02.26ж.

	№ 23-САБАҚ 9- сыныптар: «Жанжалдың нәтижесі үшін жауапкершілік»			
Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы 1 наурыз – Алғыс айту күні 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні наурыз – Наурыз мерекесі 30 наурыз – Дүниежүзілік Жер күні				
I АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Тәуелсіздік - тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік»				
24	Алғыс айту – рухани байлық» <i>Қайыңсіздік сабағы (10 минут)</i> № 24-САБАҚ 9- сыныптар: «Ата -аналарға деген сенім өмірде маңызды шешімдер қабылдауға қалай әсер етеді»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	26.02.26ж.
II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Отан үшін отқа түс – күймейсін»				
25	«Бәрінен биік ана жүрегі» <i>Қайыңсіздік сабағы (10 минут)</i> № 25- САБАҚ 9- сыныптар: «Егер сіз желіде қорқытуға тап болсаңыз»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	5.03.26ж.
III АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Тәуелсіз елдің тұғыры – бірлік, тірегі – елдік»				
26	«Наурыз – жыл басы» <i>Қайыңсіздік сабағы (10 минут)</i> № 26- САБАҚ 9- сыныптар: «Желідегі фейктер үшін жауапкершілік»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	12.03.26ж.
IV тоқсан				
Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы 2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні 7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні 12 сәуір – Ғарышкерлер күні 15 сәуір – Халықаралық мәдениет күні 18 сәуір – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні 23 сәуір – Ұлттық кітап күні				
I АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Еңбек – қуаныш, жалқаулық – айырымас азап»				
27	2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	02.04.26ж.

	«Кітап – рухани қазына» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 27- САБАҚ 9- сыныптар: «Зиян келтіруі мүмкін ұсыныстарды нақты және батыл түрде қабылдамауды қалай үйренуге болады»			
II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Саналы да ерікті еңбек қана адамды бақытқа кенелтеді»				
28	7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні Өмірге салауатты қадам Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 28-САБАҚ 9- сыныптар: «Күмәнді жағдайларда азғыруды қалай жеңуге және дұрыс таңдау жасауға болады»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	07.04.26ж.
III АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Еңбек жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы»				
29	«Мамандық таңдау – маңызды шешім» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) №29-САБАҚ 9- сыныптар: «Жасөспірім және еңбек қатынастары»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	9.04.26ж.
IV АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей»				
30	«ДОСБОЛЛИКЕ» «Буллингтен қорған! » «Өзіне сену: мен істей аламын, сен істей аласың, біз жасай аламыз!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 30-САБАҚ 9- сыныптар: «Кәсіпке толмаған бала заңды жауапкершілікке тартылуы мүмкін бе?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	16.04.26ж.
V-АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: Білікті білім жинап кәсіп етер, білімнің дәмін татып өсіп өнер				
31	«Ынтымақ- достық кепілі» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 31-САБАҚ: 9- сыныптар: «Жедел жәрдем нөмірлері және сенім телефондары»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	23.04.26ж
Мамыр – бірлік және ынтымақ айы 1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні				

7 мамыр – Отан қорғаушылар күні 9 мамыр – Ұлы Отан соғысының Жеңіс күні 15 мамыр – Халықаралық отбасы күні 18 мамыр – Халықаралық мұражайлар күні 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні				
I АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Ынтымақ, бірлік, келісім – ең асыл байлық ел үшін»				
32	9 мамыр – Ұлы Отан соғысының Жеңіс күні Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 32-САБАҚ 9- сыныптар: «Қауіпті хобби және серуендеу орындары»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	30.04.26ж. (7.05.26ж)
II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Ынтымақ — бұзылмайтын қорған, қосылып еккен ағаш — орман»				
33	«Отбасы құндылықтары – ұлттық құндылық негізі» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 33-САБАҚ 9- сыныптар: «Жанжалдың нәтижесі үшін жауапкершілік»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	14.05.26ж.
III АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Бірлігі кеткен ел жаман, егесін өткен ер жаман»				
34	«Білімім – Отаныма!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 34-САБАҚ 9- сыныптар: «Ата -аналарға деген сенім өмірде маңызды шешімдер қабылдауға қалай әсер етеді»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	21.05.2026ж